

№1 Педагогикалық кеңестің
шешіміне сәйкес

КЕЛІСІЛДІ:

«_____» _____ 2022 ЖЫЛ



Бекіткен:
№21 «Алаңы» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі *Нефесов* Э.Нурмағанбетова

« Дидактикалық ойындар»
(Вариативтік компонент)

Тәрбиешілер: Алдажарова Гүлдана

Аманова Жұлдызай

Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты.
Ойынсыз, музыкасыз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды.

В.М. Сухомлинский

Кіріспе

Мектепке дейінгі ұйымдар вариативтік жеке бейімделген бағдарламаларды, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады; баланың даралығы мен субъективтілігін, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамытуды қолдауға бағдарланған кедергісіз дамытушы ортаны, трансформацияланатын ойындар мен тақырыптық аймақтарды құрады. (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 3-тарау, 31-тармақ)

Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы. (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 3-тарау, 26-тармақ)

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге ерікті келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. (Әдістемелік нұсқаулық хат)

Мақсаты: Дидактикалық ойындардың мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде атқаратын маңызы өте зор. Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусак моторикасын дамыту. Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту. Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту. Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету. Қолмен саусак ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету.

Міндеттері:

1. Ойын әрекетінің әр түрін қамтитын және балалардың жалпы дамуына көмектесетін түрлі дидактикалық ойындарды қолдану;
2. Заттардың қасиеттері туралы балалар түсініктерін кеңейту;
3. Заттарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету.

4. Заттардың функционалды қызметтеріне қарай топтастыру іскерліктерін дамыту;

5. Дидактикалық ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және ақыл - ой белсенділігін арттыру.

Мазмұны:

- Заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аудару ойындары
- Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсормоторлық кеністік, «көз, қол» үйлесімділігін дамыту ойындары
- Заттардың ерекше қасиеті, түсі, көлемі, пішінін көрсету ойындары
- Балалардың тілін, сөздік қорын дамыту ойындары
- Эстетикалық талғамын, шығармашылық қиялдау қабілетін дамыту ойындары

Тақырыптық жоспар

	Ойынның тақырыбы	Мақсаты	Шарты	Көрнекілігі
1 07.09 2022	«Әдемі гүл»	Түстер туралы ұғымды бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту	Топқа гүл тістеген күштің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады. Күшкік аузына тістеп кірген гүл шоғын терен дем алып іскейлі де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» - деп сұрақ қояды. Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларын керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қолданып қызықшы-деп ұсыныс жасалады	Түрлі - түсті гүлдер, көбелектер

2	Сағаты күні	Берілген үлгіге қарап түстерді сәйкестендіріп таңдау жолдарымен таныстыру	Балаларға «Әуе шарлары» ойынын ойнайтындығы айтылады. «Балалар, түрлі түсті әуе шарлары мен осы түстес жіптеріміз бар. Қазір фланелеграфта жіптер пайда болады» - деп бірдей арақашықтықта тігінен алты жолақшаны фланелеграфқа орналастырады. «Енді әрбір жіпке түсіне қарай шарларды байлаймыз» - деп 1-ін көрсетіп, қалғандарын балалардың өздеріне жасау ұсынылады. Әрі қарай балалар үлестірмелі заттармен жұмыс жасайды	Магнитті тақта немесе фланелеграф, жіпше картон жолақшалары (15x0,5 см) 6 түсті, диаметрі 10 см 6 түсті дөңгелек, Үлестірмелі заттар: әртүрлі жолақшалары бар ақ парақты жолақша
3	1	Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	Балаларға игітін, қояншыл, қойдың, торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы, әрқайсының тұру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауға)	Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері
4	«Суреттерді құрастыр»	Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту	Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі	әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері
5	«Жемістерді жина»	Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту	Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай көзекке, ортаңаны орташа көзекке, ал үлкен алмаларды үлкен көзекке салуларын керек» - деп ортаға 3 баланы шығарады, алмаларды үзуді	3-түрлі көлемдегі үлкен, орташа, кішкентай,

			тапсырады. Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілінп, ойын әрі қарай жалғасады	3-көрсетке үлкен, орташа, кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар
6	«Үлкен-кіші»	Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен- кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту	Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың суреттерін атай отырып көлемдерін ажыратады	Ойыншықтар мен жануарлар суреттері
7	«Түсіне қарай таңда»	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру	«Балалар, бүгін біз «Түсіне қарай таңда» ойынын ойнаймыз. Сендердің қолдарыңда түрлі түсті бөліктері бар кілемшесі бар. Қараңдаршы, қандай әдемі ойыншық» - деп көк машинаны көрсетеді. Бұл көк түсті машина. Ал мынау не? - қызғыл түсті машина. Бұлардың айырмашылығы неде? (түстерінде) Ал енді кілемшенің ұяшықтарына түстері сәйкес келетін ойыншықтарды таңдаңдар-деп балаларға тапсырма береді. Енді біздің машиналарымыз кілемшелерге жасырынып қалды деп, ойынды әрі қарай жалғастырады	30x20 см картон кілемше 6-бөлікке бөлінген. Бөліктері 10x10 см
8	«Сипаттамасы бойынша тап»	Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші	Сөреге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойыншықтар қояды. Әрбір ойыншықтарды анықтап қарап, атын қайталайды. Балалардың біреуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы	Жануарларды бейнелейтін ойыншықтар

		ұғымдарын бекіту	жұмбақтар құрастырады. Мыс.: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық» -бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақты дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.	жұмбақтар құрастырады. Мыс.: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық» -бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақты дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.
9	«Түрлі түсті сарафан» 26.10	Балаларға түстердің өзгеруін көрсету арқылы,бір түстен екінші түске көшу және түстер арасындағы байланысқа назар аударту	Балаларға айналмалы тұғыр және әр түсті қағаздан қырқылған дөңгелек пішіндер таратылады. Тәрбиеші: «Балалар, бүгін бізге көңілді биші қыз қонаққа келді. Қараңдаршы оның үстіндегі сары түсті сарафаны қандай әдемі! Қуыршақтың бұдан басқа да түрлі- түсті сарафаны өте көп екен» -деп қағаздан қырқылған дөңгелектерді көрсетеді. Балалар бұл сарафандар жәй сарафан емес,сиқырлы сарафан екен,ол билеп кетсе болғаны сары-жасылға, қызыл-күлгінге айналады екен деп тұғырды айналдыра отырып көрсетеді	Орамал мен сарафаны бар қыздың бейнесі орналастырылған тұғыр, диаметрі 4.5 см қызыл,сары,көк түсті қырқылған дөңгелектер
10	«Таныс пішіндер доминосы» 09.11	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру	Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді	Пішіндер бейнеленген суреттер
11	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» 09.11	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру	Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу	Ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар

12 16.11	«Әдемі пішіндер» ойыны	Баланың шығармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту, геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету	Ойын үшін алдын ала геометриялық пішіндер жинағы дайындалады. Тәрбиешілер балаларға геометриялық пішіндерден түрлі заттар бейнесін жасауды сұрайды, мысалы, геометриялық пішінінен жануар бейнесін жасайды	Геометриялық пішіндер үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша
13 23.11	«Суретті тіз»	Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету	Тәрбиеші балалардың алдына суреттерді қояды да атайды. Сосын оларды бірінші дыбысын естіуге қарай топтастыруды сұрайды. Мыс.: с - сабын, сүлігі, сурет, сиыр, сарымсақ п-пальто, піл, пияз, паракларт т.б	Әр түрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер. Әр дыбысқа бірнеше суреттер
14 30.11	«Кім не жейді?»	Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту	Өсімдіктер мен жануарларды бар көршікелер жинағын дайындайды. М/ы: шөп-қоян-қасқыр, шаян-балық-итбалық-ақ аю; шырша бүршігі-гін-сусар; өсімдік (шырын)-көбелек-бақа-құтан және т.б. Балаларға көршікелер таратылады. (көршікелерді лайықты суреттермен бетперделермен ауыстыруға болады)	Өсімдіктер мен жануарлар бейнеленген суреттер
15 04.12	«Шыршаны безендіреміз»	Түстеріне қарай топтастыруға үйрету	Балаларға шырша ойыншықтарының суреттері таратылады. Мольбертке шырша бейнесі бейнеленген плакат орналастырылады. Тәрбиеші: «Балалар жақында бізде жаңа жыл мерекесі келе жатыр. Соған біз шыршаңызды түрлі түсті ойыншықтармен безендіріп қояйық»-деп ұсыныс тастайды. Әрқайсыларының қолдарында белгілі бір түсті ойыншықтарын бар, мен қазір бір түсті атаймын, сол түс кім де бар, сол бала	Плакат 30x50 шырша бейнеленген. Түрлі түсті қағаздан қырқылған 2 шт

			шыршаға келіп ойыншықты іледі. Бірінші қызыл түс, сонан соң сарғылт, сары, жасыл, көк, көгілдір т.с.с	шырша ойыншықтары
16 14.12	«Апта күндері»	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету	Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атау, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады	Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка
17 21.12	«Сипатына қарай шешуін тап»	Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу	Тәрбиеші суреттер көрсетеді. М/ы: ақшақардың суреті – «Балалар сендердің алдарыңда ақшақардың суреті бейнеленген кертешкелер бар. Бір қарағанда олардың бәрі бірдей сияқты, бірақ анықтап қарасаңдар оларда өзгешеліктер бар. Осыған байланысты сендерді суреттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауға шақырамын». Ақшақардың бетінде қандай өзгірістер бар? -екі көзі, бір қызыл мұрыны бар -бастарында ше? -біреуінде шелек, екіншісінде кастрюль -қолдарында қандай өзгерістер көріп тұрсыңдар? -сыпырғыш, күрек, таяқшалар біреуінде оң, ал екіншісінде сол қолдарында -түймелері нешеу? -үш, төрт т/б	Заттық суреттер: ақшақарлар, жиналмалы қуыршақтар, жатпайтын қуыршақтар, көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әр түрлі өзгерістермен

18	«Түрлі түсті моншақтарды тізу»	Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету	Қонакқа қуыршақ немесе аю келеді, өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауға көмектесулерін сұрайды. Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, сонан соң ақ моншақты тіземіз –деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады	Актүсті -8 қызыл түсті -8 моншақтар, диаметрі-2 см. Жіптер және қорапшалар
19	«Иісі бойынша анықта» ойыны	Сөзім түйсігін, қоршаған ортаға қызығушылығын дамыту	Тәрбиеші баланың көзін таңып байлап, табакка кезекпен түрлі жемістер мен көкөністерді салады, мысалы: алма, лимон, піяз, қызылша, сәбіз және т.б. Бала бұл қандай жеміс немесе көкөніс екенін иісі бойынша анықтап, оларды атайды	Жеміс-жидектер
20	«Гараждар»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету	Ойынның мазмұны: балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарына апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады	Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар
21	«Кімге не керек»	Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. М/ы: тігіншіге-иіне, құрылысшыға-калақ, мұғалімге-кітап т.б	Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар
22	«Бұлар нелер?»	Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету	Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. М/ы: мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б	Үй және жабайы жануарлар суреттері

23 01.02	«Тәрелкесіне қарай кесесін танда»	Түстер туралы ұғымдарын кеңейту	Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары, түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып кайталады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойынға шақырады.	Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер
24 08.02	«Қане, сөйлесейік» ойыны	Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра отырып, қуанышты көңіл-күй сыйлау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру	Тәрбиеші нақты тақырыпты таңдайды. Мысалы, ананың туған күніне сыйлық таңдау. Тақтада әр түрлі сыйлықтар орналастырылған. Тәрбиеші балаларға осы тақырыпқа байланысты сұрақтар қояды: -Бүгін сендердің аналарыңның туған күні делік, сен анаңа не сыйлар едің? - Сен неліктен осы сыйлықты таңдадың? - Бұл затпен не істеуге болады, сен қалай ойлайсың?	Гүл, күн, ыдыстар, шәңсорғыш, еттартқыш, жихаздар т/б
25 16.02	Жыл мезгілі	Балалардың тілін дамыта отырып, байқампаздыққа баулу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырату	Мольбертте 4 жыл мезгілінің суреті орналастырылған. Балаларға 4 жыл мезгіліне байланысты табиғат құбылыстары бейнеленген көртішкелер таратылып беріледі. Тәрбиешінің сұрағына байланысты қай зат қай мезгілде қолданылады, көртішкелерді соған сәйкес орналастырады	Табиғат құбылыстары бейнеленген көртішкелер
26 23.02	«Әркімге өз үйі»	Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсорлық кеңістікті «көз», «қол»	Балаларға аңдардың суретін көрсетіп сұрау: - Сендер мына аңдарды білесіңдер ме? - Аңдарға үйлерін табуға көмектесеміз бе? - деп дайын үйлер терезесіне бейнеленген аңдарды орналастырады	6-түсті (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қызыл, сары) үй және аңдардың

		үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету		(қоян, қасқыр, аю, түлкі, кірпі, тышқан) суреттері
27 01.03	«Әр құсқа өз орны»	Суда жүзетін, жыртқыш және батпақта болатын құстар жайлы қысқаша хабарлама жасау	Тәрбиеші таблицадағы құстар жайлы шағын әңгіме тыңдауды ұсына отырып, құстардың аяқтарының құрылымдарына, тұмсықтарына, ерекше назар аударуларын сұрайды. Өйткені бұл сипаттамалар құстардың тіршіліктерінің белгілері болып табылады. Бүркіт туралы әңгіме Бүркіт – жыртқыш құс. Ол құстармен аңдарды аулап өмір сүреді. Ол биікте отырып, жердегі қорғаныс аңды. Ол бүгілген тырнағы мен мықты аяғы және иілген мықты тұмсығы арқылы өз қорғаныс жерін жабдырайды. Тырна Өзен, көл жағалауындағы батпақтарда өмір сүреді. Оның мойны, тұмсығы, аяғы ұзын болып келеді. Ол көлдердегі су жәндіктерімен қоректенеді. Қаз Өзен, көлдерде жабайы қаздар болады. Олардың аяқтарының табан асты бұшық еті болады. Қаздар сондықтан суда тез жүзе алады. Ұзын мойнын суға тығып өз қорғаныс табады. Сонан соң тәрбиеші балаларды бір-бірілеп қасына шақырады. Әр бала бір суреттен алып бүркіт, тырнаның немесе қаздың қасына орналастырады. М/ы: жапалақты бүркіт қасына орналастырдым, өйткені ол да жыртқыш құс т.б	1). 9 бөлікке бөлінген таблица, бірінші қатарда: бүркіт, тырна, қаз 2). Құстар бейнеленген суреттер (жапалақ-жыртқыш құс, тырна батпақта, аққу, үйрек-суда жүзетін)
28 15.03	«Дүкен» ойыны	Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу, затты	Тәрбиеші балаларды жартылай шеңбер бойына отырғызып, балаларға айтады: «Бізге жаңа дүкен ашылды. Онда қандай жаңа ойыншықтар бар екенін қорғаныс. Сендер ойыншық сатып аласыңдар ма? Ол үшін ереже сақтау керек. Ойыншықтың атын	Ойыншықтар, суреттер

		сипаттамасына орай тануды дамыту	атамай, көрсетпей, сипаттап беру керек». Сипаттауға қарай сатушы өзі тауып, алып береді. Қысқа санамақтың көмегімен балалар сатушыны тандайды. Тәрбиеші ойыншықты сатып алу ережесін көрсетеді. Тәрбиеші: - «Мен ойыншық сатып алғым келеді. Қоныр, маймақ аяқ, балды жақсы көреді». Сатушы сатып алушыға ойыншық аюды береді. Ойын барлық қатысушылар өздеріне ойыншық алып болғанға дейін созылады.
29 25.03	«Мені кім шақырды?» ойыны	Өз құрбы-күрдастарының дауысын тани білуді дамыту	Балалар шеңбер бойына тұрады, бір балаға шеңберден шығуын сұрайды, бірнеше кадам жерде шеңберге арқасымен тұруы тиіс. Тәрбиеші шеңберден шыққан баланы шақыратын баланы тандайды. Шыққан бала қайта келіп, кім шақырғанын айтуы керек: - Мені шақырған сен, Аңсар. Егер бала дұрыс тауып, бірақ есімін ұмытып қалса, шақырған баладан сұрауына болатындығын тәрбиеші айтып ескертеді. Әдетте балалар ең алдымен саусақпен көрсетеді. Сондықтан тәрбиеші қалағалап, толық жауап беруін талап етуі тиіс
30 05.04	«Қалай жүріп, нені тапқын келеді?»	Кеністікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту	Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «Алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқын келеді?»
31 12.04	«Үйдің есігін жабайық»	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке	Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне
			Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері
			Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің,

		зағтарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту	сай келіріп салуды ұсыну	есіктің суреттері
32 19.04	«Кім есінде көп сақтайды?»	Көзбен көріп есте сақтауын дамыту	Тәрбиеші балаларға кезекпен бірнеше суреттер көрсетеді, онда әртүрлі зағтар бейнеленген. Балалар мұқият қарап, 1-2 минут аралығында есте сақтайды. Содан кейін тәрбиеші суреттерді алып тастайды да, балаларға оларды атау керектігін, яғни кім қайсысын есінде сақтағанын сұрайды. Кім көп атаса, сол – жеңімпаз болады	Алма, жүзім, банан, өрік т.б жемістердің суреттері
33 26.04	«Бақша да ма, бау да ма?»	Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру	Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Содан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойынға қызығушылықпен қатыстырады	Жемістер мен көкөністердің суреттері
34 03.05	«Сынайы болу» жаттығуы	Ойлауды, сөйлеуді дамыту, ересектерге құрдастарына сынайы қатынас жасауға және өтініш білдіруге үйрету	- Балалар, сиқырлы сөздер бар, яғни олар көңіл-күйді көтеруге көмектеседі. Бүгін біз дұрыс және сыпайы өтініш жасауды үйренеміз. - Сіздің өз құрдасыңызға өтініш білдіргеніңізді елестетейік. Оны қалай жақсартуға болады? Қалай ойлайсыздар? Міндетті түрде атын атап, көзіне қарап, «өтінемін» сөзін ұмытпау керек. Байқап көрелік: - Ақсар, өтінемін, донты маған берші. - Гүлнәр, егер қиын болмаса, ойыншықтарды жинауға көмектесші. - Арай, маған түймемді салуға көмектесші, өтінемін. - Ал, енді көшеде бейтаныс адамнан дүкеннің қайда екенін сұрау керек болса, былай айтуға болады: Гафу етіңіз..... Кешіріңіз.....	

			Маған көмектесіп жіберіңізші, өтінемін.... Жағдайға байланысты бірнеше нұсқаны ойлап көрсету керек. Егер тәрбиешіге, анаңызға немесе ересектердің бірінен сұрағыңыз келсе, ал ол кісі сол сәтте басқа біреумен сөйлесіп отырса, не істеуге болады? «Кешіріңіз, өтінемін, сөзіңізді бөлейін, Сізді бола ма?» «Кешіріңіз, Сіздерге келдергі келтіргеніме, сұрақ қойсам бола ма?» Сіздер сыпайылық ережесін және жақындарыңызға қуаныш сыйлауды ұмытпайсыздар деп сенемін	Жануарлардың суреттері
35 10.05	«Кім қандай, айтып бер» ойыны	Жануарлардың ерекше белгілеріне, сыртқы пішініне, әрекеттеріне назар аударуға үйрету	Тәрбиеші балаларға әртүрлі жануарлар бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жануар екенін, не істей алатынын айтады. Мысалы: Түлкі, қызыл-сары, өте қу, айлакер. Ол орманда, далада өмір сүреді, тышқан, қоян аулайды. Басқа жануарларға да қатысты сипаттама беріледі	

36 18.05	«Түрлі түсті заттар» ойыны	Түстеріне қарай заттарды топтастыра білуді үйрету	Тәрбиеші балалармен бірге шеңберге тұрады және ойын ережесін түсіндіреді: «Менің қолымда доп бар. Мен бір түсті атаймын да, біреулеріне допты лақтырамын. Допты кім ұстап алды, сол осы түсті затты атауы керек, содан кейін кез келген түсті атап, тағы біреуге допты лақтырады. Ол қағып алып, затты атайды және т.с.с. Мысалы, «жасыл» (тәрбиеші жасыл түсті заттарды есіне түсіру үшін кішкентай үзіліс береді) және Динаға допты лақтырады. Дина «кияр» деп жауап береді. Дина жауап берген соң, допты келесі ойыншыға «көгілдір» деп лақтырады және т.б. Бір түс бірнеше рет қайталануы мүмкін, себебі бір түсті заттар көп. Ойында тез жауап бере алу керек	Доп
-------------	----------------------------	---	---	-----